

МӘШҲҮР ЖҮСІП ЖАЗБАЛАРЫНДАҒЫ АҚТАБАН ШҰБЫРЫНДЫ, АЛҚАКӨЛ СҰЛАМА

Қазақстан Республикасының қазіргі заманда дамуында болып жатқан терең және түбегейлі өзгерістер қоғамдық өмірдің барлық жақтарын қамтып отырғаны белгілі. Солардың қатарында өліміздің қоғамдық ғылымдары, оның ішінде отандық тарих сияқты маңызды саласы да тұр.

Бүгінгі таңда отандық тарих ғылымдарының алдында тереңдете зерттеулер жүргізуге кең мүмкіндіктер ашылып отыр. Бұрынғы өміршіл жүйе кезеңінде әр түрлі себептермен жан-жақты қарастыруға мүмкіндік берілмей келген маңызды мәселер енді ұлттық көзқарас тұрғысынан, объективтілік негізінде зерттеле бастады. Осы орайда, Қазақстан тарихы саласында жеке тұлғалар тұрғысынан зерттеулердің тарихи ақтаңдақтарды жоюда ролі зор екенін айтқымыз келеді. Аталмыш зерттеулер аясында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлын отандық тарихтағы дара тұлға деп атап көрсетуге болады.

Мәшһүр Жүсіп – ел тарихын шежіре сипатында баяндаған тарихшы. Өйткені, халық ауыз әдебиетінің озық үлгілерін жинақтап, рухани азығымыз боларлық бай мұраны құнарлы мағынасымен жеткізе білген Мәшһүр-Жүсіп қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы десек қателеспейміз. Сонымен қоса сансыз ғасырдың шындығын ашып, тұлғатану, шежіретану мен ұлттық тарихтың «ақтаңдақтар» беттеріне мол үлес қосты. Мәшһүр-Жүсіп халықтың сана-сезімі мен ұлтжандылықты ояту үшін алдымен ұлттың тілі мен тарихын, әдебиеті мен болмысын өрістетуге керек екенін сезініп, ұлт мұрасын уағыздауды мақсат тұтты.

Мәшһүр Жүсіп отан тарихына байланысты оқиғалардың ұлт тарихы екенін тайға таңба басқандай қылып батыл баяндайды. Әсіресе жоңғар шапқыншылығы кезінде ел төуелсіздігі үшін күрескен атақты батырлардың өрлігі мен хандар



Түркістанды толық бағындырып Қазақ хандығының ең басты жауына айналды. Осы уақыттан бастап Қазақ хандығының жағдайы нашарлап, саяси-экономикалық ахуалдың күйзеліске тірелген кезі болатын. Ең бастысы бір орталықтан басқарылмағандықтан, тұратын аймағына қарай үш жүзге бөлініп, көшпелі тіршілік кешті. Кең байтақ қазақ жеріне қызыққан көршілес елдер, шақыншылық саясаттарын жалғастыруда болды. Мәселен:

• Батыстан Жайық казактарының қолдауымен Еділ бойындағы башқұрттар, қалмақтар Кіші жүзге тынымсыз шабуыл жасады.

• Солтүстіктен Сібір казактары Орта жүзге тыным бермеді.

• Орта Азиядағы Бұхар мен Хиуа хандықтары да оңтүстіктегі Ұлы жүз қоныстанған қазақ жерінен дәмелі еді.

Ендігі тұста тарихи деректерді саралай келе, оқиғаның барысы-

бағыт Қаратауды басып өтіп, Шу мен талас өзендеріне шығу болса, екінші бағыт қазақтарға соққы беріп, Шыршық өзеніне жету болатын. Жоңғария қалмақтары әрқайсысы 10 мың жауынгері бар 7 қолмен қазақтарды шапқан. Олар Балқаш, Қаратаубағытымен жылжып (қолбасшысы Қалдан Серен), Алтай асып, Көктал өзені бойымен өрледі (қонтайшы Құлпан Батур), Нұра өңірін қанға батырып (Әмірсана), Шелек өзені (Доржы), Есік көлі (Лама Доржы), Шу өңірін таптап (Дода Доржы), тоқтаусыз Іледен өтіп (Севан Рабдан) қарудың күшімен, найзаның ұшымен қазақ жерлерін иемденді. Мақсатты түрде, шапқыншылықпен келген жауға төтеп бере алмаған қазақ елі басы ауған жаққа кетуге мәжбүр болды. Ұлы жүз, Орта жүздің шағын бөлігі Сырға Шыршық құятын тұстан сәл жоғары өткелден өтіп Ходжент, Самарқан иеліктеріне көшті. Шұбырған елдің бір шеті Баянаулаға дейін жеткен. Бұл

қолбасшысы болып Әбілқайыр хан сайланды.

1728 жылы Әбілқайыр хан, Тайлак батыр, Саурық батыр бастаған жасақтар Ырғыз өзенінің оңтүстік-шығыс бетіндегі Бұланты өзенінің жағасындағы «Қара сиыр» деген жерде қалмақтарға қарсы соққы берді.

1730 жылы көктемде Балқаш көлінің маңында ірі шайқас өтті. Бөгенбай, Қабанбай, Наурызбай сияқты батырлар бастаған қазақ жасақтары жоңғарларға шешуші соққы берді. Бұл жер кейін «Аңырақай» деп аталып кетті. Қалмақтар Іле өзенінің бойымен шығысқа қарай қашуға мәжбүр болды. Бірақ қазақ жерін азат ету жолындағы Отан соғысын жеңіспен аяқтау жорықтары аяғына дейін жеткізілмеді.

«Ақтабан шұбырынды» оқиғасына қатысты ойымызды Мәшһүр Жүсіптің «Қазақ түбі» деген тарихи дерегінің 1 үлгісімен қорытындылағанды жөн көрдік. Аталмыш дерек

ген соң, тастап кетті ғой! Болмаса, көзі қиып, кісі тастап кетерлік кісі ме?

Әрі жұтқа, әрі жауға ұшырап қалып, қалған тамтығы жаяу шұбырып, Арқаға келіп қалған. «Олардан бұрын бұл Арқада, Он екі Қазылық, Ой Түндікте Найман бар екен, Арғыннан: Қанжығалы, Бәсентиін бар екен»- деседі. Жүдеп-жадап келген ел Найманнан қырық биені бір түнде сойып алып, жалап-жұқтап жеп қойыпты. Найман: «Бұл қырық бие- еруліктерің. Енді өзімізге рұқсат (ұлықсат) қылыңдар!»- деп, өрге қарай ауа жөнеліпті. «Жеті Момын» отырып қалып, шауып, талап алған емес, жан жалғау, тойынғанша шет пұшпақтап, азық қылыпты. Қанжығалы абыз Шомақтың қызын Қазыбек тұңғышы Қонайға, беретұғын мал бар ма, бата-сатасыз алып берген деседі. Сол Қонай қыршын жасында өліп қалып, Шідерті өзенінің бойындағы «Қонай тамы» деген жер аты – сол Қонайдың көмілген жері екен деседі.

Қанжығалы, Бәсентиін Баянаулаға келіп, Сүйіндік келген соң, бұлар онан да сырғып, бірі тоғайға, бірі Ақкөл, Жайылмаға шығып кеткен деседі. Ащыөзенінің Баянаула жағында «Шомақ көлі»- деген көл бар, «Әліқұл»- деген адыр бар. Қанжығалы абыз Шомақ қонысы екен. «Келден шоқысы» деген шоқы Апай, Бөрі Бөрінің бес баласының бірі- Қыңыртас, Апай. Сар қазақ қонысы. Молдабай қажы, Баймолда қажы деген балалары болды. Қыңыртас сыртындағы Қарадыр - Қанжығалы: Әжібай, Тайтеке, Сасық, Бидайбай (Бұйдабай) батырдың қонысы болған. «Сасықтың Сары атының қуысы»,- деп, бұл күнгеше айтылады. Нағжан деген қызын Малқозы: Төлепбай баласы Байжанға атастырып. «Қыз күнінде Боштай аламын деп, Жаяу Мұса Боштайдан пайда болған»- деседі. Арыстанбайдың Имамбегінің тоқалы- Бибінің келіншек күнінде Жаяу Мұсаға

Әңгіде. Әсіресе жоңғар шапқыншылығы кезінде ел тәуелсіздігі үшін күрескен атақты батырлардың ерлігі мен хандар мен билердің саликалы саясаты, Ақтабан шұбырындыдағы қазақ халқының аянышты ахуалы мен елдің бірігуі туралы қалдырған жазбалары өте құнды. Мәшһүр Жүсіп 1931-1933 жылдардағы ашаршылықты жоңғар шапқыншылығы кезіндегі «Ақтабан шұбырындымен» салыстыра келе: «Қазақтың ең алғаш көрген жұты - Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» 176 бет. 8 том, - деп жазады. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» қазақ халқының өсінде ұлы қасірет болып мәңгі тарихқа жатталды.

Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама—қазақхалқыныңқайғылы кезеңдерінің бірі. Мәшһүр Жүсіп: «Бұрынғы заманның бір шайыры өлеңмен сөйлеген сөзі: «Ақтабан шұбырынды»- аштық болып, Ел кетті бет-бетімен бордай тозып...» [1], - деп, күйзелген, шаршаған, аштыққа шалдыққан қазақ елінің хал-ахуалын баяндауға тырысады. Ұлттың басына теген қатер мен елдің болашағына балта шапқан оқиғаның құрбандары мен салдарын жазу болашақ ғалымдардың еншісінде. Қалай дегенмен де жоңғарлар көшпелі қазақ халқының жартысын жойып жібергені анық.

Қазақ тарихының беттерінде алтын әріптермен жазылатын, оқиғаның болған уақыты деректерде 1723-1728 жылдары аралығы деп көрсетіледі. Мәшһүр Жүсіп болса: «Ақтабан шұбырынды» бір мың жеті жүз жиырма үшінші жылы болған. Бір мың алты жүз қырық үште [1643] Қоңтажы көтеріліп, қалмақ аса дәуірлеген. Бір мың жеті жүз жиырманың [1720] шамасында Қалдан Шерін Ташкентті билеп, тағын сонда орнатып, «Құба қалмақтың ханы» атанып, тамам қалмақтардың хандары Қалдан Шеріннің аузына қараған деседі», [2] - деп жазады.

1635 жылы Батыр қонтайшы басқарған, бір орталық қабағынған Жоңғар хандығы Оңтүстік Сібір мен Шығыс

Ұлы жүз қоныстанған қазақ жерінен дәмелі еді.

Ендігі тұста тарихи деректерді саралай келе, оқиғаның барысына тоқталып-өтелік:

1644 - жылы қазақ ханы Жәңгір хан Бұхар әміршісі алшын Жалаңтөс батырдың көмегімен жоңғарларға күйрете соққы берді.

1652-1680 жылдараралығында Жәңгір хан жоңғарларға қарсы бірнеше жорықтар жасап, соның бірінде қаза табады. Аталмыш шабуылдардың нәтижесінде жоңғарлардың қазақ жеріне шабуылы бәсеңдеді.

1680 - жылы Жәңгір ханның баласы Тәуке хан болды. Оның тұсында "Жеті жарғы" заңдар жинағы құрастырылып, көшпелілердің ел билеу заңына айналды. Оның негізгі баптарының мазмұны: қанға қан алу, яғни біреудің кісісі өлтірілсе, оған ердің құнын төлеу. Малшыдан зекет, егіншіден ұшыр жиналды. Ең жоғары басқарушылар -хандар болды.

1717 жылы жазда Аягөз өзенінің жағасында жоңғарлар қазақтардың 30 мың сарбазы бар жасағын жеңді. Келесі жылы жоңғарлар қазақтарды Бөген, Шаян, Арыс өзендерінің бойында жеңіліске ұшыратты.

1718 жылы Тәуке хан қайтыс болды.. Қазақ халқының басына зор зобалаң бұлты төнді. Қазақтың феодал шонжарлары арасындағы алаусыздық, хандыққа таласқан өзара қырқысқа айналды. Таукеңің орнына отырған Болат ханның тек атағы ғана болды. Жүздерді билеген кіші хандар өз алдына дербестеніп, қазақ хандығы саяси жағынан бөлшектенді: Орта жүзді Сәмеке хан мен Күшік хан биледі. Үлкен жүзді Жолбарыс хан биледі, Кіші жүзді Әбілхайыр хан биледі.

1723 жылы жоңғар-қытай бітімі жасалды.

1723 жылы ерте көктемде жоңғарлар қазақ жеріне тағы да жойқын шапқыншылық жасады. Шуна Дабо деген қалмақ басқарған бұл шайқас екі бағытта жүруі тиіс еді. Бірінші

тұстан сәл жоғары өткелден өтіп Ходжент, Самарқан иеліктеріне көшті. Шұбырған елдің бір шеті Баянауылаға дейін жеткен. Бұл жөнінде Мәшһүр Жүсіп: «Иесіз жатқан жер бар»- деуменен Баянаула, Қызылтауға қарай көше берген екен», - деп жазады [3]. Кіші жүз Сауран қаласын айналып Бұқараға ауды. Шұбырған халықтың басым көпшілігі Сырдан өтіп, Алқакөлге жетіп құлады. Атақонысынан, малынан, туған туысқандарынан айырып, дертке шалдығып, аш жалаңаш қалған халық қақаған күннің астында әлсіреп, қырыла берді. Баласынан айырылған ана, әкесінен айырылған бала, жетім және жесір қалған жандардың үнін еш бір ғалым жазып жеткізе алмас. Халық бұл кезенді "Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама" деп атады. Мұның мәнісі: ата-мекен, мал-мүлкінен айырылып, жаяу-жалпы, аш-жалаңаш босқан ел шұбыра-шұбыра табаны ағарып, «Алқакөлдің түбіне барып сұлау» деген сөз екен. "Елім-ай" деген қасіретті ән осы кезден қалған. Бұл еліміздің тарихындағы қаралы уақыт. Мәшһүр Жүсіп: «Сол жұттың аты «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама»- атаныпты. Жұрт жаяу шұбырғанда, табандары аппақ болып жалтырап, бір жерге келіп жатқанда: «Атасы басқа жат ру бас салып, сойып жер қояр!»- деп, ішіндегі семізін ортасына салып, арықтары айнала қоршап, алқа салып жататұғын болыпты» [4], - деп баяндай келе, сол дәуірдің ақиқатын ашып көрсетуге тырысады.

Қазақ елі өз тарихында алғаш рет қасіретті зардабы өте зор зұлматқа тап болып, жер бетінен ұлт ретінде жоқ болу қаупіне ұшырады. Қазақтар бұл апаттың сырын түсінді, жасанған жауларына қарсылық жасап бақты, ұрпағын қырғыннан аман алып қалудың амалын іздеп қарманды. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламань» шығараланы мен аласапыраны қазақтардың еркіндік пен ерлік рухын шыңдады.

1726 жылы Ордабасы құрылтайында қазақ әскерінің бас

Мәшһүр Жүсіптің «Қазақ түбі» деген тарихи дерегінің 1 үлгісімен қорытындылағанды жөн көрдік. Аталмыш дерек тарих ғылымдарының кандидаты Естай Қуандықұлы Жүсіповтың әзірлеуімен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармалар жинағының сегізінші томында ұсынылған.

[1. 4. мәтін] «Ақтабан шұбырынды» бір мың жеті жүз жиырма үшінші жылы болған. Бір мың алты жүз қырық үште [1643] Қоңтажы көтеріліп, қалмақ аса дәуірлеген. Бір мың жеті жүз жиырманың [1720] шамасында Қалдан Шерін Ташкентті билеп, тағын сонда орнатып, «Құба қалмақтың ханы» атанып, тамам қалмақтардың хандары Қалдан Шеріннің аузына қараған деседі. Қазақтан бақ тайған соң, Ұлы жүз Қожантқа бағынды, Орта жүз Самарқанға бағынды, Кіші жүз Хиуаға қорғалады.

Қазақтың қазақ болғаннан ата қонысы Сарыарқа болған екен деседі. Бір жерде табан тіреп, ірге теуіп отырып көрген жұрт емес. Орта жүз бөденесі жоқ, тауығы жоқ, есегі жоқ, сарт күнелткен жерде күнелте ала ма? Арқаға қарай ауды.

Сол ауып келе жатқанда, қалмақтың шабыншылығына ұшырады. Талай уақиға болған шығар. Әркім өз ата-бабасының айтып отырғанын естиді ғой. Айдабол, Күлік деген елден Күліктің тұңғышы Тілеуімбет: «Қашпаймын!»-деп, он алты баласына көсемдік қылып, бірі қалмай қалмақтан қырғын тапқан. Қаржас: Жаулыбай деген аз ғана ру ел бар. Олар да сол жолы қырғын тапқан. «Қаржас сар садақ қонысы» атанған батырлар бала-шаға, ұрім-бұтағымен сол жолы қырылып қалып, екі немере қалған: Есенаман, Жарқын деген. Кім де болса сол жолғы қырғын ұшына тигендей болып, қалғандарының да өсімі аз болды. Тобықты: Әнет бабаң да төбенің басында шоңқиып отырып қалған. Құдай рақмет қылсын, кісі-сол:

- Маған қарамаңдар, өздерің құтылудың қамын қылыңдар!-де-

Жаяу Мұса Боштайдан пайда болған»- деседі. Арыстанбайдың Имамбегінің тоқалы- Бибінің келіншек күнінде Жаяу Мұсаға айтқан өлеңі:

Болғанда: Байжан, Тайжан, Жанан, Шекей, Ақырында тоқтатқан жорға Бекей.

Зинадан пайда болған Жаяу Мұса

Басады-ау: «Сал болдым!»-деп, некей-некей!-

Деген соң: «Сылқым Жаяу, сылқым Жаяу!»

Жетпейді он екіге жылқың, Жаяу!

Темірболат жасығы-күнелткенің,

Қай жеріңнен келеді күлкің, Жаяу?!

Тон киген былғарыдан (бұлғарыдан) Жаяу тоңбас, Жеңгесін зина қылған Қали оңбас.

Далбаға төрт бөлек қып, тұз ұрса да,

Ұрлығы мен ойнасын, сірә, қоймас!

[Осы тұстағы қосымша жазған Жолмұрат ескертуі- Е.Ж.]:

«Тлебай: Олжабай, Орман. [Олжабай]: 1)Дәулет, 2)Бектен, 3)Үйсінбай, 4)Маябай, 5)Жалаңтөс батыр. [Дәулет]: 1)Арыстанбай, 2)Марғұлан. [Арыстанбай]:1) Жанғұлан, 2)Дүржан, 3) Имамбек.

Орман-Төбет: Байжан, Тайжан- [Байжан]-Жаяу Мұса. Имамбек пен Жаяу Мұса- екеуі құрдас, сондықтан қажы мен бөйбішесі екеуі Мұсаның жанына тиіп, сықақ қыла беретін болған. Марғұлан, Дүржан, Жаяу Мұса, Имамбек төртеуі Боштай ауылымен мәңгі ұстасып өткен. Бір сайлауда Боштайдың Хұсайын деген баласын генерал еріксіз сайлағанда:

- Мына тік мұрт жандаралың Хұсайынды құстай ұшырып, Мұстафаға ергенді жерге қаратқаның несі?!-депті. Мұстафа- өнде айтылатын «Бүркітбайдың Мұстафасы» (қажыдан естідім).»

Әсет ПАЗЫЛОВ

Мәшһүр Жүсіп мұражайының ғылыми қызметкері Баянауыл ауданы